

6D020500 – Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған Абишева Гульнар Кайдаровнаның «Мәшһүр
Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы ономастикалық кеңістік» атты
диссертациясына

ПІКІР

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мұрасы қазақ халқының тарихи жадын, дүниетанымын, рухани-мәдени болмысын танытатын аса құнды әдеби-тілдік мұра болып табылады. Ақын шығармаларындағы антропонимдер, топонимдер, діни, мифтік және тарихи атаулар тек номинативтік қызмет атқарып қоймай, ұлттық таным мен авторлық идеяны жеткізетін маңызды поэтикалық құрал ретінде көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, жұмыстың өзектілігі күмән тудырмайды. Диссертацияның негізгі мақсаты – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы ономастиконды лингвопоэтикалық аспектіде кешенді талдау және ақынның жеке авторлық әлем бейнесіндегі онимдердің рөлін айқындау. Зерттеу нысаны ретінде ақын шығармаларындағы жалқы есімдер алынып, олардың функционалдық-семантикалық, лингвомәдени және поэтикалық қызметі жан-жақты қарастырылған.

Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бірінші тарауда көркем мәтін ономастикасының теориялық негіздері, ономастикалық кеңістік, поэтоним, поэтикалық ономастика ұғымдары жүйелі түрде талданған. Автор отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін нақты айқындаған.

Екінші тарауда Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы антропоэтонимдердің типологиясы мен семантикалық-функционалдық сипаты талданған. Мифтік, діни, тарихи, киелі және прецеденттік антропоэтонимдердің мәтіндегі қызметі нақты мысалдар арқылы көрсетіледі. Әсіресе діни және тарихи есімдердің ақын дүниетанымымен, исламдық-ағартушылық көзқарасымен және қазақтың рухани дәстүрімен байланыста қарастырылуы жұмыстың ғылыми құндылығын арттыра түседі.

Үшінші тарауда топоэтонимдердің ұлттық-мәдени және танымдық сипаты зерттелген. Ойконимдер, оронимдер, гидронимдер ақын шығармаларындағы кеңістік концептісін қалыптастыратын маңызды тілдік бірліктер ретінде талданады. Автор жер-су атауларының тек географиялық нысанды білдіріп қоймай, тарихи жады, ұлттық кеңістік, туған жер, рухани мекен ұғымдарымен сабақтасып жататынын дәлелді түрде көрсеткен.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы ретінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы ономастикалық жүйенің алғаш рет лингвопоэтикалық тұрғыдан кешенді сипатталуын атауға болады. Автор поэтонимдердің семантикалық, стилистикалық, мәдени және мәтінтүзушілік қызметін жүйелі түрде айқындаған. Сонымен қатар ақын шығармаларындағы онимдердің авторлық дүниетанымды, ұлттық сананы, тарихи-рухани сабақтастықты танытудағы рөлі нақты тұжырымдармен берілген.

Жұмыстың теориялық маңызы – көркем мәтіндегі жалқы есімдердің қызметі туралы ғылыми түсініктерді тереңдетуінде. Практикалық тұрғыдан алғанда, диссертация материалдарын жоғары оқу орындарында әдеби ономастика, көркем мәтінді лингвистикалық талдау, қазақ әдеби тілінің тарихы, қазақ поэзиясының тілі және Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы бойынша арнайы курстарда пайдалануға болады.

Диссертацияда зерттеу әдістері орынды қолданылған. Автор тұтас іріктеу, сипаттамалы, контекстуалдық, функционалдық, лингвомәдени және өрістік модельдеу әдістерін тиімді пайдаланған. Ғылыми тұжырымдар нақты тілдік деректермен дәлелденген.

Қорыта айтқанда, Абишева Гульнар Кайдаровнаның «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы ономастикалық кеңістік» атты диссертациялық жұмысы өзекті тақырыпқа арналған, ғылыми жаңалығы бар, теориялық және практикалық маңызы айқын зерттеу болып табылады. Диссертация PhD деңгейіндегі ғылыми жұмысқа қойылатын талаптарға сай келеді, ал ізденуші 6D020500 – Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Пікір білдірген:

Филология ғылымдарының докторы
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ



Абикенова Г.Т.

